# Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1003 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 9-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мүдделі министрліктермен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық холдингтер, компаниялар және ұйымдар (келісім бойынша) "Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

5. "Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 485 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының<br>Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы<br>Үкіметінің<br>2010 жылғы 30 қыркүйектегі<br>№ 1003 қаулысымен<br>бекітілген

## Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама

## 1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285 қаулысымен.

Атауы Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті
дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға
арналған бағдарлама
Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Президентінің "Нұр
Отан" ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы
кезектен тыс XII съезінде берген
тапсырмасы;
Қазақстан Республикасы Президентінің
2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 өкімімен
бекітілген
Қазақстан Республикасы Президентінің "Нұр
Отан" ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы
кезектен тыс XII съезінде берген
тапсырмаларын іске асыру жөніндегі
іс-шаралар жоспары;
Қазақстан Республикасының экономикасын
жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік
комиссияның 2009 жылғы 1 маусымдағы
отырысының хаттамасы;
Қазақстан Республикасы Президентінің
2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен
бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі
индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі
мемлекеттік бағдарлама
Жауапты орындаушы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігі
Мақсаты Әлеуметтік тиімділігін күшейте отырып, ұзақ
мерзімді кезеңде жеңіл өнеркәсіпті
әртараптандыруды қамтамасыз ету және оның
өнімдерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру
Міндеті Шикізатты қайта өңдеу, қосылған құны жоғары
және оны сыртқы нарықтарға шығару
перспективасы бар өнім өндірісі есебінен

ішкі нарық қажеттілігін қанағаттандыру,
сондай-ақ еңбекке қабілетті халықты жұмыспен
қамтамасыз ету жолымен әлеуметтік шиеленісті
төмендету
Іске асыру мерзімі 2010-2014 жылдар
Қаржыландыру көлемі Қаржыландыру көздері Даму институттарының
мен көздері қаражаты, сондай-ақ ішкі және шетелдік
инвестициялар болып табылады.
Бұдан өзге республикалық бюджетте көзделген
қаражат есебінен саланы кәсіпкерлікті
дамыту, білікті кадрлық ресурстармен
қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсіп өнімін сату
бойынша жәрдемдесу, техникалық реттеу
мәселелері бөлігінде қаржыландыруды жүзеге
асыру болжанады.
Нысаналы 1. 2014 жылы жеңіл өнеркәсіптегі жалпы
индикаторлар қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге шаққанда
нақты мәнде кемінде 9 %-ға ұлғайту.
2. Дайын өнімдер экспортын 2008 жылғы
деңгейге шаққанда 2,5 есеге ұлғайту.
3. Жеңіл өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін
2008 жылғы деңгейге шаққанда нақты мәнде 1,5
есеге ұлғайту.

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Нұр Отан" ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің іс-шаралар жоспарын бекіту бойынша 2009 жылғы 17 маусымдағы № 22-14/3853, 001-319 тапсырмасына, Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2009 жылғы 1 маусымдағы отырысының хаттамасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 985 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға (бұдан әрі - ҮИИДМБ) сәйкес әзірленді.

Бағдарлама жеңіл өнеркәсіптің жоғары сапалы және кең ассортименттегі бәсекеге қабілетті тұтыну тауарларын өндіруді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іс жүзінде іске асыру кезеңі болып табылады.

Алдағы кезеңде саланы дамытудың негізгі бағыттары тоқыма, тігін, былғары және аяқ киім өнеркәсібінде жергілікті шикізатты (мақта, жүн, былғары) қайта өңдеу бойынша өндірісті жаңғырту және әртараптандыру үшін ынталандыру жасаумен байланысты.

Бағдарламаны әзірлеу саланы реформалау және орнықты, теңдестірілген өсімді қамтамасыз ету бойынша мемлекет қабылдайтын шаралардың дәйекті жалғасы болып табылады.

## 3. Ағымдағы ахуалды талдау

### 3.1. Саланың қазіргі жай-күйін бағалау

Кез келген елдің жеңіл өнеркәсібі - бұл экономиканың аса маңызды көп бейінді және инновациялық тартымды секторы.

Тұтыну деңгейі бойынша жеңіл өнеркәсіп азық-түлік тауарларынан кейін екінші орында тұр, бұл оның маңыздылығын білдіреді. Жеңіл өнеркәсіптің экономикалық және стратегиялық қауіпсіздікті, еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтуды және оның өмір сүру деңгейін жаңа геосаяси жағдайларға көтеруді қамтамасыз етудегі маңызды ролін ескере отырып, әлемнің ірі елдері саланы дамытуға айрықша назар аударады және оған айтарлықтай инвестициялық қолдау көрсетеді.

Тұтыну секторы тауарларының әлемдік өндірісінде еңбекті нақты бөлу қолданылады. Олардың бірі шикізатты сатады, екіншісі қайта өңдейді, үшіншісі түпкі өнімді өндіреді, төртіншісі сатады. Осыны ескере отырып, бұл үдерістегі басымдықтарды айқындау қажет, осының негізінде нарықтық перспективасы бар жобаларға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жобаларға салынуы тиіс тиімді даму матрицасы пайда болады.

Бүгінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың 80%-ы шағын және орта бизнес субъектілері болып табылады, бұл ретте шамамен сала кәсіпорындарының шамамен 80%-ы жүктемелігі 30 - 40 %-ды құрайтын ескірген жабдықтармен жарақталған.

Саланы дамытудың жалпы үрдісі ел өнеркәсібі көлеміндегі оның үлесінің төмендеуімен сипатталады, бұл жұмыс орындарының қысқаруына, ішкі нарықтан отандық тауар өндірушілерді шетелдік өндірушілердің тықсыруына әкеледі, бұл апатты сипат алды.

Халықты жұмыспен қамту мәселесі жіті орында тұр. Егер 2005 жылы жеңіл өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің саны 20,0 мың адам болса, 2010 жылғы 1 қаңтардағы

жағдай бойынша ол 13,7 мың адамға дейін азайды, бұл әлеуметтік шиеленістің өсуімен шарттасады.

Жеңіл өнеркәсіп технологиялық жағынан аграрлық сектормен барынша байланысты екенін ескерсек, оның дамуы елеулі түрде ауыл шаруашылығы өндірісінің маңызды бағыттарын қалпына келтіруге және дамытуға ықпал ететін болады, осының арқасында ел ішіндегі төлем қабілеті сұранысы мен ішкі нарықтың сыйымдылығы артады.

Бұл мәселелерді шешу қазақстандық өндірушіні қорғау, контрафакт және контрабандалық өнімге қарсы күрес, субсидияларды, лизинг схемаларын, инвестициялық қорларды пайдалану, мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту бойынша шараларды іске асыру негізінде мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асырылады.

Жеңіл өнеркәсіптегі ахуалды сипаттайтын созылмалы дағдарыс өндірісі көлемінің құлдырауымен жалғасады. Тек 2005 - 2009 жылдар кезеңінде республика өнеркәсібінің құрылымындағы сала үлесі 2,2 %-дан 0,8 %-ға төмендеді, бұл ретте ішкі жалпы өнімдегі өнеркәсіп үлесі 2005 жылғы 0,62 %-дан, 2008 жылғы 0,27 %-ға дейін төмендеді.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елдің жеңіл өнеркәсібінде 1591 кәсіпорын тіркелген, олардың 526-ы белсенді жұмыс істейді, оның ішінде 449-ы шағын , 60-ы орта және 17-сі ірі кәсіпорын.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жалпы саны ішінде 54%-ы киім өндірісі кәсіпорындары, 31%-ы тоқыма және тігін өнеркәсібі кәсіпорындары (киімнен басқа, тоқыма және тігін бұйымдарын өндіретін) болса, былғары және аяқ киім өндірісі кәсіпорындары 9%-ды, былғары мен теріден жасалған киім өндірісі - 6%-ды құрайды (1 - сурет).




1-сурет. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қызмет түрлері бойынша құрылымы




2-сурет. Облыстар бойынша жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары

**1-диаграмма**




3-сурет. Жеңіл өнеркәсіп өнімінің экспорты мен импортының серпіні

2006 жылдан бастап жеңіл өнеркәсіп өнімі экспортының өсу серпіні байқалады. Егер 2006 жылы экспорт 63 млрд. теңгені құраса, 2008 жылы ол 82 млрд. теңгеге ұлғайған. 2009 жылы экспорт көрсеткішінің алдыңғы жылдармен салыстырғанда 22%-ға құлдырауы байқалады, бұл әлемдік экономикалық дағдарысы салдарынан тауардың бұл түріне сұраныстың азаюымен байланысты болып отыр, бұл ретте экспорт үлесінің 90 %-ға дейін көлемін шикізат (шитті мақта, жүн, ірі қара мал және ұсақ мал терісі) құрайды.

Импорт көрсеткішінде өсімнің де, құлдыраудың да серпіні байқалып отыр. Егер 2006 жылы импорт 27 млрд. теңге болса, 2007 жылы импорт 37 млрд. теңгеге дейін өсті . Сондай-ақ, егер 2008 жылы импорт 29 млрд. теңгені құраса, 2009 жылы ол 56%-ға өсті , бұл ретте ұлғаю сырт киім, сондай-ақ киімге және басқа да дайын бұйымдарға сұраныстың 50 %-ға ұлғаюымен байланысты болып отыр (4-сурет).

**2-диаграмма**




4-кесте. Жеңіл өнеркәсіптегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі

2007 жылдан бастап өнеркәсіп өндірісінің көлемі құлдырап барады. Егер 2007 жылы көлем 31,1 млрд. теңгені құраса, 2008 жылы 11%-ға құлдырау байқалып, 2009 жылы бұл көрсеткіш 27,9 млрд. теңгені құрады.

## 3.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Жаһандық ақпараттық кеңістікті пайдаланусыз, әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жеткізусіз, персоналға тиімді хабарлаусыз, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) негізіндегі персоналдың өзара іс-қимылынсыз қазіргі заманғы экономикалық табысты кәсіпорын құру мүмкін емес. Ақпаратты тауарға айналдыратын фактор ретінде ақпарат пен білім нарығы кеңінен, оның ішінде өндірісте пайдаланылады.

Қазіргі кезде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары "зияткерлік" деп аталатын жабдықты қолданады, ол технологиялық үдерістердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өтіп жатқан өндірістік үдеріс туралы толық ақпаратты ұсынады.

Сондай-ақ әзірлеу мерзімін елеулі түрде қысқартуға және жаңа үлгілерді енгізуге, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін киімді автоматтандырылған жобалау жүйесі (бұдан - киімді АЖЖ) енгізілді.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында IT-қызметтерді дамыту стратегиясы қолданыстағы бизнес-үдерістерді автоматтандыру деңгейін жоғарылату бойынша, өнімділікті арттыру, сапаны басқару жүйесін енгізу және жоспарлауды оңтайландыру бойынша бизнестің міндеттерін тиімді шешуді тұспалдайды.

Саланың әр түрлі сегменттерінде 34 %-дан 67 %-ға дейін IT-қызметтердің басшылары ұсынымдарды, инвестициялар негіздемелерін әзірлеу үшін сарапшылар ретінде тартылады және 7 - 14% жағдайында олар кәсіпорынды басқаруға қатысады.

Дегенмен, сала кәсіпорындарының айтарлықтай үлесі IT-қызметтердің төменгі мәртебесі деңгейінде (қызмет түріне байланысты 22 %-дан 54 %-ға дейін), бұл ретте кәсіпорындардың тек 7 %-ында IT-қызметтердің мәртебесі ортадан төмен ретінде сипатталады.

Тұтас алғанда ұсынылған деректер сала кәсіпорындарындағы IT-қызметтерді пайдалану деңгейін жеткілікті түрде дамымаған ретінде сипаттайды.

## 3.3 Күшті және әлсіз жақтары

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін Қазақстан жеткілікті әлеуетке ие, республикада қолайлы факторлар мен алғышарттар бар.

Бұл ретте саланың жай-күйін талдау оның күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін айқындауға мүмкіндік берді (№ 1 кесте).

## Жеңіл өнеркәсіптің жай-күйін SWOT-талдау

№ 1 кесте

| | |
|---|---|
| Күшті жақтары:<br>- шикізат ресурстарының болуы<br>- ірі нарықтарға жақындық (Ресей, Қытай, Үндістан)<br>- ішкі және әлемдік нарықтардағы өскелең сұраныс<br>- көлік және энергетикалық инфрақұрылымның болуы<br>- өндірістік әлеуеттің болуы<br>- салыстырмалы түрде арзан жұмыс күші (елдің оңтүстігінде) | Әлсіз жақтары:<br>- жүн және былғары шикізатының төмен сапасы<br>- өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі<br>- салаға күрделі қаржы жұмсалымының жоқтығы<br>- қосылған құны төмен тауарлар экспортының жоғары үлесі<br>- отандық брэндтердің іс жүзінде толықтай болмауы<br>- білікті кадрлардың жеткіліксіздігі<br>- негізгі қорлардың едәуір тозуы |
| Мүмкіндіктер:<br>- ЕурАзЭқ кеден одағына ену есебінен нарықты кеңейту<br>- шикізат (мақта, жүн, былғары) өңдейтін өндірісті дамыту<br>- толлингті, алыс-беріс шикізат өндірісін дамыту<br>- технологиялық көшбасшылардың тәжірибесін пайдалана отырып, өндірісті ұйымдастыру жолымен технологиялар трансферті | Тәуекелдер:<br>- отандық өнім өндірісінің деңгейі экономикалық қауіпсіздіктің шекті деңгейінен төмен<br>- салаға инвестицияны жеткіліксіз тарту<br>- контрабандалық және контрафактілік өнімдер экспансиясының күшеюі<br>- әлемдік көшбасшылар тарапынан бәсекенің жоғарылығы |

## 3.4 Сандық және сапалық сипаттамалар

Экономикалық қызмет түрлерінің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібі экономикалық қызметтің үш түрімен - тоқыма бұйымдары өндірісі, киім өндірісі, былғары өндірісі және оған жататын өнімдер мен 14 кіші түрі ұсынылды.

Мата, киім, аяқ киім, трикотаж, шұлық-ұйық және тері бұйымдары, бас киімдер өндірісімен қатар шығарылатын өнімдер құрылымында мақта талшығы өндірісінің, әлеуметті ведомстволарға арналған заттай мүліктің үлестік салмағы жоғары. Сала сонымен қатар халықтың медициналық мақсаттағы бұйымдарға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арнайы, жұмыс киімдері мен аяқ киімдерге, жеке қорғау құралдарына қажеттілігін қамтамасыз етеді. Саланың ерекшеліктірінің арасынан салынған қаражаттың тез және барынша тиімді қайтарымын, әйел еңбегін дәстүрлі пайдалануды, жоғары әлеуметтік маңызын атап айтуға болады.

3.4.1 Тоқыма өнеркәсібі иіру, тоқу және өңдеу өндірістеріне бөлінеді.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың тоқыма өнеркәсібінде 497 кәсіпорын тіркелген, олардың белсенді жұмыс істеп тұрғаны 155 кәсіпорын, оның ішінде 12-сі ірі, 24-і орта және 119-ы шағын кәсіпорын. Оларда 7200 адам жұмыс істейді.

Дәстүрлі мақта өсіру Оңтүстік Қазақстан облысында (бұдан әрі - ОҚО) жүзеге асырылады, осыған байланысты мақта өңдейтін кәсіпорындар нақ осы жерге шоғырланған, бұдан басқа табиғи тоқыма талшықтары ішінде мақта талшығы елдегі өндіріс көлемі бойынша ең үлкен топты құрайды.

Бүгінгі күні тоқыма өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарына жылына 18,8 мың тонна мақта талшығын өңдейтін "Textiles.kz" корпорациясы ("Ютекс" акционерлік қоғамы ( бұдан әрі - АҚ)/ "Меланж" АҚ), "South Textiline.kz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ОҚО) сияқтылар жатады.

Компанияларда отандық шикізатты пайдалана отырып, 100% мақта-мата иірімжібі, қатқыл және дайын мақта-матадан тұратын бәсекеге қабілетті өнім шығаратын "Rieter", "Benninger", "LTG Air Engineering" (Швейцария); "Dornier", "Thies Monforts" (Германия ), "Savio" (Италия) сияқты белгілі фирмалардың жаңа жабдығы пайдаланылады.

## Қазақстан Республикасындағы тоқыма өнімдерін өндіру көлемі

№ 2 кесте

| Өнімнің атауы | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Тоқыма бұйымдарын өндіру | 39,6 | 28,5 | 24,7 | 13,5 |
| Кардо- және тарақпен таралған, бөлшек сату үшін оралмаған жүн иірімжібі, тонна | 195,0 | 148,0 | 79,0 | 134,0 |
| Бөлшектік сату үшін оралмаған тарақпен таралған және тарақпен таралмаған талшықтан жасалған мақта-мата иірімжібі, тонна | 13391,0 | 11578,0 | 12661,0 | 8679,0 |
| Маталар, мың шаршы метр | 56459,6 | 43325,3 | 43479,6 | 35490,9 |
| оның ішінде: | | | | |
| Мақта-мата, мың шаршы м | 47639,0 | 42423,3 | 42013,9 | 35335,4 |
| Синтетикалық және жасанды кешенді жіптен жасалған маталар, мың шаршы м | 8705,9 | 32,2 | 57,0 | - |
| Жүн маталары, мың шаршы м | 110,1 | 74,5 | 75,7 | 155,5 |
| Түкті, түктілі маталар мен өзге де арнайы маталар, мың шаршы м | 4,6 | 365,0 | 994,0 | - |
| Дайын тоқыма бұйымдары, мың шаршы м | 44761,8 | 84580,5 | 69871,1 | 79591,4 |
| Төсек-орын, мың шаршы м | 1608,8 | 1177,7 | 1251,5 | 1454,2 |
| Кілемдер мен кілем бұйымдары, мың шаршы м | 101,5 | 36,1 | 2,0 | 2,0 |
| Мата емес материалдар мен мата емес материалдардан жасалған бұйымдар, мың шаршы м | 1484,3 | 1237,8 | 1291,1 | 1178,1 |

3.4.2 Тігін өнеркәсібі арнайы киімдерді, сырт киімдерді, іш киімдерді, киімдердің өзге де түрлері мен керек-жарақтарын, тері бұйымдарын, трикотаж бұйымдарды тігуді, сондай-ақ шұлық-ұйық бұйымдарын қамтиды.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тігін өнеркәсібінде 952 кәсіпорын тіркелген, олардың 329-ы белсенді жұмыс істейді, оның ішінде 4 ірі, 29 орташа және 296 шағын, оларда 5600 адам жұмыс істейді.

Мемлекеттік қолдау шеңберінде 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жалпы аумағы 200 гектарға жуық "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) құрылды, оның негізгі мақсаты тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті тауарлар өндіруге өту үшін алғышарттар болып табылады.

## Қазақстан Республикасындағы тігін өнімін өндіру көлемі

№ 3-кесте

| Өнімнің атауы | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Киім шығару, млрд. теңге | - | - | 9,6 | 11,7 |
| Жіптің желілік тығыздығы кемінде 6,7 текс болатын машинамен немесе қолмен тоқылған әйелдердің трикотаж шұлықтары мен гольфилері, мың жұп | 17,8 | 10,0 | 12,6 | 5,6 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж шұлықтар, мың жұп | 2348,7 | 1911,1 | 1846,5 | 1233,5 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған свитерлер, жемпірлер, пульверлер, кардигандар, көкірекшелер мен осыған ұқсас трикотаж бұйымдары, дана | 146293,0 | 206662,0 | 222715,0 | 98409,0 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған сырт киімдер, дана | 27182,0 | 17385,0 | 17841,0 | 32538,0 |
| Трикотаждан басқа, ерлер мен қыздардың сырт киімі, дана | 155658,0 | 166606,0 | 179846,0 | 158123,0 |
| Трикотаждан басқа, әйелдердің сырт киімі, дана | 371647,0 | 150481,0 | 159885,0 | 161460,0 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж іш киім, мың дана | 39,9 | 49,2 | 55,4 | 99,1 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж емшектегі балаларға арналған трикотаж киімдер мен қыдыруға және басқаға киетін керек-жарақтар мен киім бөлшектері, мың дана | 42197,0 | 27530,0 | 37146,0 | 47338,0 |
| Спорттық, шаңғы тепкенде киетін, суға түскенде киетін, костюмдер мен өзге де трикотаж киімдер, мың дана | 80,4 | 78,7 | 1,4 | 93,2 |
| Трикотаждан басқа, емшектегі балалардың киімдері мен киім керек-жарақтары, мың дана | 1994161,0 | 1924546,0 | 1921585,0 | 2295128,0 |

3.4.3 Былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар және аяқ киім өндірісі тауарлық былғары, ішік-үлбір бұйымдар мен аяқ киім өндірісін қамтиды.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар және аяқ киім өндірісінде 142 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде белсенді жұмыс істеп тұрғаны 42 кәсіпорын, соның ішінде 1 ірі, 7 орташа және 34 шағын кәсіпорындарда 900 адам жұмыс істейді.

Былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар және аяқ киім шығаратын ең ірі кәсіпорындарға: "Семей былғары-тері комбинаты" ЖШС, "Тыныс-V" ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы), "Рудный былғары зауыты" ЖШС (Қостанай облысы), "Петропавл былғары зауыты" ЖШС (Солтүстік Қазақстан облысы), "Тараз былғары аяқ киім" ЖШС (Жамбыл облысы), "Гекко" ЖШС (Алматы қаласы.) жатады.

## Қазақстан Республикасында былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар және аяқ киім өндірісінің көлемі

№ 4 кесте

| Өнімнің атауы | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру, млрд. теңге | 2,1 | 2,6 | 3,0 | 2,8 |
| Иленген немесе өңделген үлбір терілер, мың шаршы дц | 1528,9 | 2420,7 | 2404,0 | 1761,6 |
| Ірі қара малдың терісінен немесе денесінде түгі жоқ жылқы тұқымдас жануарлардың терісінен жасалған былғары, мың шаршы дц | 115401,2 | 202728,3 | 286731,1 | 244976,0 |
| Денесінде түгі жоқ қойдың, ешкінің немесе шошқаның терісінен жасалған былғары, мың шаршы дц | 1079,4 | 295,6 | 754,3 | 249,0 |
| Қайыс және ертоқым бұйымдары, чемодандар, саквояждар, сөмкелер, портфелдер және ұқсас бұйымдар, өзге былғары бұйымдары, мың теңге. | 9358 | 10065 | 9146 | 15184 |
| Спорттық және әрі қорғайтыннан және ортопедиялық басқа, аяқ киім, мың жұп | 780,7 | 1107,5 | 1213,1 | 719,2 |
| оның ішінде | | | | |
| Су өткізбейтін аяқ киімнен басқа, табаны бар және үсті резина немесе полимер материалдардан жасалған аяқ киім, мың жұп | 460,4 | 590,9 | 676,7 | 91,6 |
| Спорттық аяқ киімнен, тұмсығын қорғайтын матадан жасалған аяқ киімнен, әртүрлі аяқ киімнен басқа арнай үсті былғарыдан жасалған аяқ киім, мың жұп | 314,4 | 508,4 | 531,7 | 622,8 |

## 3.5. Саланы дамытудың негізгі проблемалары

Жеңіл өнеркәсіп саласындағы бірқатар шешімін таппаған проблемалар бар, олар:

1) негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі;

2) қосылған құны жоғары болатын өнім экспортының төмен үлесі;

3) отандық өнімнің тұтыну үлесінің төмендігі;

4) еңбек шарттарының тартымсыздығынан білікті кадрлық ресурстардың жетіспеушілігі.

**Негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі**

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы (80% дейін) ең негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Салалық кәсіпорындарда негізгі қорларды жаңарту үшін жеткілікті қаражат жоқ және ескірген жабдықтарда бәсекеге қабілетті емес өнімдерді шығарып, жұмысын жалғастыруда.

Экономикалық дағдарыс жағдайында, оның ішінде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында өтімділік мәселесі айтарлықтай өткір болып тұр. Оның нәтижесінде екінші деңгейдегі банктер мен даму институттары ұзақ мерзімді жеңілдікпен кредит беруді тоқтатты. Қалыптасқан жағдайда салалық кәсіпорындар ағымдағы операциялық қызмет мәселесін шешеді.

**Қосылған құны жоғары болатын өнім экспортының төмен үлесі**

Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қазақстандық экспортының елеулі үлесін өңделмеген шикізат, не төмен бөліністегі өнімдер құрайды, бұл саланың жалпы дамуына қауіпті әсер етеді, өйткені қайта өңделген отандық шикізат шетелден еліміздің ішкі нарығына дайын өнім түрінде қайтып келеді. Осы жағдай дағдарысты ерекше көлемде туындатты , өйткені қатердің жоғары деңгейі отандық кәсіпорындарда меншікті шикізатты қайта өңдеуге ұшыратпай, оны өңделмеген түрде сатуға мәжбүрлейді.

**Отандық өнімнің тұтыну үлесінің төмендігі**

Отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және таяу және алыс шет елдерден импортталатын өнімдер санының көп болуы отандық тауар өндірушілерді қауқарсыз жағдайда қалдырып отыр. Негізінен Оңтүстік-Шығыс Азия және Қытай елдерінен импортталатын өнімдердің бағасы мен сапасы бойынша айтарлықтай төмен, бірақ бұл ретте қазіргі заманғы сән үрдістеріне жауап береді және сондықтан бәсекеге қабілетті.

Қалыптасқан жағдайда сатып алуды жүзеге асырған кезде мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар бағасына, сапа нұқсанына бағдарланады.

**Еңбек шарттарының тартымсыздығынан білікті кадрлық ресурстардың жетіспеушілігі**

Жеңіл өнеркәсіп өнімдері өндірісін болашақта өсуінің әлеуметті проблемаларының бірі білікті кадрлардың тапшылығы, сондай-ақ тәжірибелі қызметкерлерге төлемнің жоғарғы құнына қатысты болып табылады.

Бұл еңбек шарттарының тартымсыздығынан және жалақының жоғары еместігінен, кадрлардың қайтуынан туындады, ескірудің табиғи үдерісінен - көптеген қызметкерлер зейнеткерлік және зейнеталды жасында, бұл ретте салаға жастардың келуі еңбек шарттарының тартымсыздығынан елеулі емес болып қалады.

Қазіргі уақытта еліміздің жоғары оқу орындарында елде инженерлік-техникалық бағыт бойынша жоғары және орта-мамандандырылған оқу орындарында оқитын студенттердің саны аз, сонымен қатар кадрлар дайындығы осал, бұл студенттерді оқыту үдерісінде жабдықтардың техникалық ескіргендігіне байланысты.

## 3.6. Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін проблемаларды шешу бойынша позитивті шетелдік тәжірибені шолу

Қазақстанға жеңіл өнеркәсіп тауарларын негізгі жеткізушілер саланы дамытуда назар аударуға лайық Қытай, Түркия, Ресей, Қырғызстан болып табылады.

**Қытай**

Қытай айқындалған мынадай даму қағидаттарын айғақтайды: әлемдегі бар жақсыны үйрен, оқы және өзіндікін құр.

Қытайда импорт баждардың екі шәкілін көздейтін, едәуір күрделі мынадай импорт тарифтері қолданылады - барынша қолайлы режимді өзара ұсынуды көздейтін сауда келісімдері бар елдерден әкелінетін тауарларға - ең төменгі және мұндай келісімдері жоқ әкелінетін тауарларға - жалпы қолданылатын импорт тарифі.

Мемлекет шағын және орта бизнесті (бұдан әрі - ШОБ) қолдаудың айқындалған шараларын қолданады, олардың арасында:

жеңілдетілген кредиттер, несиелер, нысаналы гранттар беруді қоса алғанда, тікелей қаржылық көмек;

жеңілдетілген салық салу: жұмыс істеудің бірінші жылында кәсіпорын салық төлеуден толықтай босатылады, екінші және үшінші жылы - кәсіпкерлік қызмет салығынан және қызметкерлерді табыс салығынан босатады;

инновацияларды мемлекеттік көтермелеу (жаңа технологияларды енгізу, тәжірибелік және сериялық жаңа өнімді енгізу), оның ішінде кәсіпорындарға салықтарды қосымша жою жолымен ұсыну;

сыртқы экономикалық қызметті дамытудың экспортқа бағдарлануы және көтермелеу, оларға сақтандыруға көмектесу, халықаралық көрмелерді ұйымдастыру және қатысу, нарық туралы ақпаратты ұсыну, шетелдік әріптестерді іздеуге жәрдемдесу;

кешенді ақпараттарды ұсыну, жаңа технологиялар мен материалдарды құру саласындағы ғылыми жетістіктерді насихаттау, оларды пайдалану әдістемесі және нақты адресаттарды алуды коса алғанда ШОБ-ты ақпараттық қамтамасыз ету жатады.

Қытайда саланы дамыту сәтті жүргізілуде, біріншіден, экспортты субсидиялауды талап етеді, екіншіден Қытай Халық Республикасы сала бойынша орташа жалақы 120-140 АҚШ долларын құрайды, бұл біздің елдегіден айтарлықтай төмен, үшіншіден, қытайлықтар жабдықтарды сатып алуға кредиттер бойынша нөлдік ставканы талап етеді, төртіншіден, импортты шектеу бөлігінде әкімшілік және кедендік қолдау кеңінен пайдаланады.

**Түркия**

Түркияда еркін нарық шарттарында жұмыс істейтін және әлемдік тауар нарықтарымен ықпалдасатын экспортқа бағытталған арнайы экономикалық құрылымды құру негізгі мақсаты болып табылатын стратегия әзірленген болатын.

Жаңа стратегия экспортты қарқындату мақсатында, сондай-ақ сыртқы сауданы ырықтандыруға қатысты ынталандыру шараларын қамтиды.

1995 жылдың екінші жартысынан бастап Түркия экспорттаушыларға мемлекеттік көмекті белгіледі, бірақ 1996 жылы Еуропалық одақ (бұдан әрі - ЕО) мүшесі болғанда едәуір өзгерістер болды, сондықтан бұл үкіметті ЕО нормалары мен қағидаттарына сәйкес осы саладағы өз саясатын жүргізуге мәжбүр етті. Экспорттың жаңа режимі, атап айтқанда Түркияда экспорттық тауарларды дайындау үшін әлемдік баға бойынша шикізат пен материалдар алуды көздейді.

Түркияда, сондай-ақ қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) қайтару сияқты экспорттаушыларды қолдау нысаны пайдаланылады. Бұл ретте, ҚҚС өз тауарын экспорттайтын тікелей өндірушілерге және елде сатып алынған тауарды экспорттаушы делдал құрылымдарға қайтарылады. Әдеттегідей, ҚҚС-ны қайтару бір ай аралығында жүзеге асырылады, бірақ бұл үшін экспорттаушы Ұлттық банк уәкілеттік ететін коммерциялық банктердің біріне тек экспорттық декларацияны емес, мәлімделген соманы қайтарудың дұрыстығы туралы тәуелсіз алқа аудиторының шешімін ұсынуы тиіс. Экспорттаушыларға ҚҚС-ны тікелей қайтарудан басқа, Түркияда сонымен қатар ҚҚС-ны өзара есепке алу, яғни, кәсіпорындардың берешектерді есепке ала отырып, осы бап бойынша салық органдарының тиісті қайта есептеулері бар.

Бұдан өзге, түрік компанияларына шет елдердегі елшіліктер арқылы, атап айтқанда, экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесші арқылы, сондай-ақ Түркияда арнайы құрылған Экспортты дамыту орталығы (IGEME) мемлекеттік органы едәуір ақпараттық қолдау көрсетеді. Түркияның сауда және өнеркәсіптік палатасы одағына бірлескен өнеркәсіптік және сауда палатасы, сондай-ақ мемлекет құрған 13 экспорттаушының салалық одағы айтарлықтай қолдау көрсетеді. Түркия заңнамасына сәйкес, осындай бір немесе бірнеше Одақтың сауда палатасына мүше болмауы (компания жеткізуге ниетті экспорттық тауар тізбесінен басқа) фирма экспорттық жеткізулерді жүзеге асыра алмайды.

Түркия жаппай өнімдер нарығын ығыстырады және тек премиум-сегменттегі белгілі бір ықпалды сақтайды. Мұның себебі қарапайым - салада жалақы өсе бастады. Ұқсас жағдай тұрмыс деңгейінің өсуі шегі бойынша Қытайда да қайталануы мүмкін.

Қазіргі уақытта түрік тоқыма өнеркәсібі қазіргі заманғы құралдармен жабдықтау бойынша әлемдегі көшбасшылардың бірі. Бұдан өзге, саланы сапалы шикізатпен қамтамасыз ету соңғы кезде түрік тоқыма өнімі өндірісі дәстүрлі әлемдік көшбасшылар - Италия мен Германияның өнімдерімен бәсекеге қабілетті.

Соңғы жылдары көптеген ірі түрік фирмалары холдингтерге бірігуде, бұл экономикалық және стратегиялық жағынан тиімді. Әдетте, холдингтерде талшықтар мен жіп дайындаудан (қайта өңдеуден) бастап дайын тігін бұйымдарын өндіруге дейін тұйықталған өндіріс циклі жүзеге асырылады, бұл бәсеке деңгейі бойынша бағаны ұстап қалуға мүмкіндік береді.

Түрік тігін компаниялары танымал шетелдік фирмалармен, сондай-ақ толлингтік сызбалар бойынша, оның ішінде алыс-беріс шикізатымен жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

**Ресей**

Ресейде әкелінетін шикізатқа ҚҚС мен баждар жоқ, сондай-ақ жеңіл және тоқыма өнеркәсібін ұйымдастыру үшін кемінде 100 млн. рубльді құрайтын субсидиялар кәсіпорындардың жабдықтарын жаңартуға және жаңа технологияларға дотациялары бар. Ресей Федерациясының (бұдан әрі - РФ) Үкіметі 2008 - 2010 жылдарға арналған субсидияларды беру ережесін бекітті, РФ Орталық Банкі (бұдан әрі - РФ ОБ) кредит алу күніне қолданылатын тоқсан сайын қайта қаржыландырудың ставкасы 1/2 мөлшерінде.

Соңғы үш жыл аралығында акциздік баждарды енгізу жолымен нарықты қорғау белсенді жүргізілуде.

Федеральдық бюджетте тоқыма өндірісі кәсіпорындары үшін РФ ОБ қайта қаржыландырудың 1/3 ставкасы бойынша шикізат пен қосалқы материалдарды сатып алуға қаражат көзделген.

Қорғаудың айқындалған шаралары ішкі нарықты қорғау бойынша қолданылады, оған карго-тасымалдау жағдайында РФ аумағына әкелу кезінде импорттық баждарының ставкаларын көтеру жолымен кеден шекарасы арқылы тауарларды тасудың қатаң ережесін белгілеген РФ Үкіметінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы № 863 қабылданған қаулысын жатқызуға болады.

Сондай-ақ РФ жеңіл өнеркәсіпті дамытудың негізгі бағыттарының бірі айтарлықтай икемді тарифтік саясатты жүргізетін былғары-аяқ киім саласы болып табылады.

РФ Үкіметі былғары-аяқ киім саласын өнім экспорты кезінде ҚҚС-ны қайтарудың оңтайлы тәртібімен адал экспорттаушылар мәртебесі бар кәсіпорын саласындағы тізбеге қосты, бұдан өзге, РФ Үкіметінің № 999 өкімімен былғары (Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы коды-4107) шетелдік кредитпен мемлекеттік кепілдікті алуға мүмкіндік беретін тізбегіне енгізілді.

2009 жылы РФ Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 2009 жылғы 24 қыркүйектегі № 853 бұйрығымен бекітілген Ресейде жеңіл өнеркәсіпті 2020 жылға дейінгі кезеңіне дамытудың стратегиясы қабылданды, онда аталған бағдарламаны іске асыруға бағытталған мынадай айқындалған шаралар көзделеді:

жеңіл өнеркәсіптің бәсекелестік артықшылықтарын көтеру (сұраныс және сатып алушыларға артықшылық беру, техникалық реттеу);

өндірісті техникалық қайта жарақтандыру және жаңғырту, институционалдық қайта жаңарту;

жеңіл өнеркәсіптің инновациялық қызметін дамыту;

ішкі нарықты және Ресей өндірушілерін тауарлардың заңсыз көлеңкелі айналымынан қорғау, тұтынатын тауарлардың өркениетті нарығын қалыптастыру, ресейлік және импорттық өнімдердің бәсекелестігі үшін адал жағдай жасау;

жеңіл өнеркәсіпті шикізаттық ресурстармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;

еңбек ресурстарын дамыту, бар кадрларды сақтап калу, жас мамандар мен жұмысшыларды тарту.

Бұдан өзге, қабылданған Стратегия шеңберінде 2010 - 2013 жылдары пилоттық жобаларды іске асыратын ұйымдарға федералдық бюджеттен субсидиялар беру ережесі әзірленді, ол мынадай шараларды көздейді:

жеке меншік-мемлекеттік әріптестікті дамыту негізінде жабдықтарды сатып алуға және жобаларды іске асыруға субсидиялар беру;

тауарларды нарыққа жылжыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға жұмсалған шығындардың 90 пайыздан астамын өтеу (отандық және шетелдік көрмелерге, жәрмеңкелерге қатысу, қосылған құн салығын есепке алмай жабдықталған көрмелік алаңдарды жалға алуға арналған шығыстар).

**Қырғызстан**

Қырғызстанда жеңіл өнеркәсіп өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың саны бойынша екінші орында, ал жалпы өнім бойынша - бірінші орында тұр.

Саланың дамытуына 2000 жылы қабылданған Қырғызстаннан Ресейге ұсақ тәсілмен емес, үлкен шоғырландырылған жеткізілімдермен тауар жеткізу бойынша екі жақты келісімдер түрткі болды.

Бұған коса, "Жеке экономикаға жәрдемдесу" жобасы шеңберінде Германияның Техникалық жәрдемдесу қоғамымен бірлескен жоба ойдағыдай іске асырылуда, оның қолдауымен Бішкек қаласында осы сала үшін қажетті мамандарды дайындау бойынша оқу орталығы ашылды, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылған болатын.

Саланы дамыту және Бағдарламада қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан экономикасына қолдану үшін едәуір перспективалы қолдау шаралары мыналар болып табылады:

жеңілдетілген кредиттер, несиелер, нысаналы гранттар беруді қоса алғанда, тікелей қаржылық көмек;

инновацияларды мемлекеттік көтермелеу (жаңа технологияларды енгізу, тәжірибелік және сериялық жаңа өнім шығару);

сыртқы экономикалық қызметті дамытудың экспортқа бағдарлануы және көтермелеу, оларға сақтандыруға көмектесу, халықаралық көрмелерді ұйымдастыру және қатысу, нарық туралы ақпаратты ұсыну жатады;

кешенді ақпараттарды ұсыну, жаңа технологиялар мен ақпараттарды құру саласындағы ғылыми жетістіктерді насихаттау, оларды пайдалану әдістемесі және нақты адресаттарды алуды қоса алғанда, ШОБ-ты ақпараттық қамтамасыз ету;

жабдық сатып алуға арналған кредиттер бойынша нөлдік ставка;

толлингтік сызбалар бойынша танымал шетелдік фирмалармен жұмысты ұйымдастыру;

жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін шикізат пен қосалқы материалдарды сатып алуды субсидиялау;

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес экспорттаушыларға өнім эксперты кезінде кәсіпорындарға ҚҚС-ны қайтару.

Сонымен қатар, Бағдарламаның негізгі міндеттері қосылған құны жоғары сапалы өнімдермен ішкі нарықты толтыру және оның сыртқы нарыққа шығу перспективасы болып табылатындықтан, Қазақстанға өндірістің барлық кезеңдерінде қазіргі заманғы технологиялық кәсіпорындарды құру қажет. Мысалы, Түркияда 90 жылдары мемлекет тарапынан қаржылық субсидияларды бөле отырып, жеңіл өнеркәсіпті техникалық жаңғырту жүргізілгендігі көрсетілген, оның нәтижесінде тоқыма секторы еуропалық сапа стандарттарына жауап беретін өнімдерді шығара бастады.

## 4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және бағдарламаны іске асырудың көрсеткіштері

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285 қаулысымен.

### 4.1. Мақсаты

Жеңіл өнеркәсіптің әлеуметтік тиімділігін күшейте отырып, ұзақ мерзімді кезеңде оны әртараптандыруды қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттігін арттыру.

### 4.2. Негізгі міндет

Шикізатты қайта өңдеу, қосылған құны жоғары өнім өндіру және оны сыртқы нарықтарға шығару перспективасы мен есебінен жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне ішкі нарық қажеттілігін қанағаттандыру, сондай-ақ еңбекке жарамды халықты жұмыспен қамтамасыз ету жолымен әлеуметтік шиеленісті азайту.

### 4.3. Нысаналы индикаторлар

Бағдарлама осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған мынадай индикаторларды көздейді:

2014 жылы жеңіл өнеркәсіптегі жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге шаққанда нақты мәнде кемінде 9 %-ға ұлғайту;

дайын өнімдер экспортын 2008 жылғы деңгейге шаққанда 2,5 есеге ұлғайту;

жеңіл өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге шаққанда нақты мәнде 1,5 есеге ұлғайту.

### 4.4 Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның жоспарланған нысаналы индикаторларына сәйкес жеңіл өнеркәсіп өндірісінің көлемі өседі және саладағы жұмыспен қамтылғандардың саны ұлғаяды (№ 5 кесте).

№ 5 кесте

| Көрсеткіш атауы | өлш. бірл. | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | факт | факт | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар | жоспар |
| Саладағы жұмыспен қамтылғандардың саны | адам | 15932 | 13700 | 13800 | 13985 | 14270 | 14555 | 15140 |
| Тоқыма бұйымдары өндірісінің көлемі | млрд. теңге | 24,7 | 13,5 | 13,7 | 13,8 | 14,0 | 14,4 | 20 |
| Киім өндірісінің көлемі | млрд. теңге | | 11,6 | 11,8 | 12,2 | 12,6 | 13,2 | 20,2 |
| Былғары және оған жататын өнім өндіру көлемі | млрд. теңге | 3,10 | 2,8 | 2,8 | 2,9 | 3,0 | 3,1 | 3,1 |

Қабылданған шаралар нәтижесінде тігін саласының шикізат қоры елдегі мата, иірілген жіп, жіп өндірудің есебінен жақсарады.

Тіркелген отандық маркалары бар тігін бұйымдарын өндіру ұлғайтылады.

Өндірістік қуаттарды кеңейту және франчайзингті пайдалана отырып, сауда желілерін ұйымдастыру есебінен экспорт ұлғайтылады.

Тауар экспорта, көліктің тоқтап қалуы кезінде құжаттардың саны мен уақыт қысқарады, бұл ақша қаражатының айналымдылығын жылдамдатуды қамтамасыз етеді .

Сертификаттау жүйесін үйлестіру және Кеден одағы елдерінде өнімнің сәйкестік сертификаттарын өзара тану жеткізілімдерге қызмет көрсетуге арналған уақыт пен шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Отандық өндірушілердің Бірыңғай тізілімін қалыптастыру өндірістік қор мен өндірілетін өнім номенклатураларын есепке ала отырып, рәсімнің ашықтығын және мемлекеттік сатып алуды оңтайландыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге тігін бұйымдарының көлеңкелі өндірісін қысқарту есебінен бюджетке қаражат түсімі ұлғаяды.

**4.4.1. Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде толық немесе кезең-кезеңімен қол жеткізілуі мүмкін материалдық және материалдық емес өзгерістер**

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде мынадай атаулар бойынша өнім шығаруды ұлғайту жоспарланып отыр:

№ 6 кесте

| Өнім атауы | өлш. бірл. | жылдар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2008 ж. (факт) | 2009 ж. (факт) | 2010 ж. (болжам) | 2011 ж. (болжам) | 2012 ж. (болжам) | 2013 ж. (болжам) | 2014 ж. (болжам) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Бөлшек сауда үшін өлшеніп буып түйірілген кардо және тарақпен таралған жүннен жасалған иірілген жіп | тонна | 79,0 | 134,0 | 136,0 | 138,0 | 140,0 | 143,0 | 145,0 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кардо таралған немесе тарақпен таралған жүннен немесе жануарлардың қылшықты қылынан жасалған маталар | мың кв. м. | 75,7 | 155,5 | 156,0 | 158,1 | 161,2 | 163,5 | 165,0 |
| Бөлшек сауда үшін өлшеніп салынбаған немесе өлшеніп салынған тарақпен таралған талшықтардан мақта-мата иірім жібі | мың тонна | 12,6 | 8,7 | 8,9 | 9,1 | 9,3 | 9,9 | 12,7 |
| Мақта-мата маталары | млн. ш.м | 42,0 | 35,3 | 35,9 | 36,7 | 38,5 | 40,0 | 42,6 |
| Кілемдер және кілем бұйымдары | мың ш.м | 2,0 | 2,0 | 2,0 | 2,1 | 2,1 | 2,2 | 2,4 |
| Спорттық аяқ киімнен басқа, сырты былғары аяқ киім, тұмсығында металл қорғағышы бар аяқ киімдер және әртүрлі арнайы аяқ киімдер | мың жұп | 531,7 | 622,8 | 625,0 | 630,0 | 640,0 | 655,0 | 688,2 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж сырт киім | мың дана | 17,8 | 32,5 | 33,0 | 33,5 | 34,1 | 34,7 | 35,5 |
| Машинамен немесе қолдан тоқылған свитерлер, жемпірлер, полуверлер, кардигандар, көкірекшелер және ұқсас трикотаж бұйымдар | мың дана | 222,7 | 98,4 | 101,0 | 103,0 | 105,0 | 107,0 | 110,5 |
| Жалаң жіптің сызықтық тығыздығы машинамен немесе қолдан тоқылған әйелдердің шұлықтары мен қысқа шұлықтары, ұйық бұйымдары | млн. жұп | 12,6 | 5,6 | 5,9 | 6,2 | 6,7 | 7,3 | 7,9 |
| Киімнен басқа дайын тоқыма бұйымдары | млн. дана | 2,1 | 2,5 | 2,5 | 2,6 | 2,7 | 2,8 | 2,9 |
| Тігін бұйымдары | мың дана | 327,2 | 348,1 | 349,0 | 351,0 | 353,0 | 356,0 | 360,3 |

## Жауапты мемлекеттік және өзге де органдар

Ескерту. Кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285 қаулысымен.

Бағдарламаны іске асыру үшін мынадай мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жәрдемдесуі қажет: Индустрия және жаңа технологиялар, Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Өңірлік даму, Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері, Республикалық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Қазақстанның Даму банкі", "Қазақстандық индустрияны дамыту институты", " KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі", "NadLoC" жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының қауымдастығы, Қазақстанның былғары шикізаты мен үлбірді өңдеушілер қауымдастығы.

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Алдағы кезеңде саланы дамытудың негізгі бағыттары тоқыма, тігін, былғары және аяқ киім өнеркәсібінде жергілікті шикізатты (мақта, жүн, былғары) өңдеу бойынша өндірісті жаңғырту және әртараптандыру үшін ынталандыру жасауға байланысты. Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жекелеген түрлерінің ресурстары және пайдалану бойынша деректер осы бағдарламаның бірінші қосымшасында көрсетілген.

### 5.1. Бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттары

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін дамыту бойынша жұмыстың негізгі бағыттарының ішінде мыналарды бөліп көрсету қажет:

қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, өндірістерді жаңғырту;

экономикалық саясаттың жүйелі шараларын іске асыру;

саланы білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

Бағдарламаны іске асырудың жобалық шаралары.

### 5.2. Тетіктер мен құралдар тізбесі

Ескерту. 5-2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285 қаулысымен.

**1-бағыт. Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, өндірістерді жаңғырту**

"Бизнестің жол картасы 2020" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңғырту;

"Өнімділік 2020" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде инновациялық технологияларды енгізу жолымен өнімділікті арттыру.

**2-бағыт. Экономикалық саясаттың жүйелі шараларын іске асыру**

Ұлттық компаниялардың сатып алуды жүзеге асыруы кезінде өндірісін оқшауландыру жеңіл өнеркәсіп өнімінің түпкілікті бағысы құнының 30%-ын құрайтын отандық кәсіпорындармен орта мерзімді келісім-шарттар жасасу тетігін әзірлеу;

Кеден одағына мүше елдердің, ішкі сәйкестік сертификаттарын үйлестіру және тану ;

жеңіл өнеркәсіп өнімі экспортын ілгерілету және қолдау;

техникалық реттеу шараларын жетілдіру.

**3-бағыт. Саланы білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету**

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау бойынша, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп саласындағы білікті кадрларға қажеттіліктің мониторингін өткізу және ғылыми негізде болжау үшін салалық кеңес құру;

Шымкент қаласында өңдеуші сала үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша 700 орындық өңіраралық орталық салу;

жергілікті атқарушы органдардың мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруы. Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін кадрларға қажеттілік бойынша деректер осы Бағдарламаға 3-қосымшада келтірілген.

**4-бағыт. Бағдарламаны іске асырудың жобалық шаралары**

Саланың алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ҮИИДМБ шеңберінде мынадай инвестициялық жобалар іске асырылады:

пысықталғандары:

**Шығыс Қазақстан облысында:**

"Семей былғары-үлбір комбинаты" ЖШС - 404 адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін былғары өндірісін қайта жаңарту және жаңғырту.

**Оңтүстік Қазақстан облысында:**

"Ютекс-KZ" АҚ - "Оңтүстік" АЭА-ның аумағында 1041 адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тоқыма өндірісін ұйымдастыру;

"Мақтаөнеркәсібі-Целлюлоза" ЖШС - 237 адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін гигроскопиялық мақта мен целлюлоза шығару;

"Oxy Textile" ЖШС - 260 адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін қазіргі заманғы таралған және кардтық мақта-мата иірімжібін шығару өндірісін ұйымдастыру.

**"тауаша" жобалар:**

жолдар, көпірлер, тұрғын үй құрылысында пайдалану үшін геотекстиль өндіру;

былғары-үлбір кәсіпорындары үшін шикізат ретінде пайдаланылатын жартылай фабрикат өндіру.

## 5.3. Бизнес өкілдерімен кері байланыс жүйесі

Белсенді ұстаным мен бизнес өкілдерінің осы Бағдарламаны іске асыруға жоғары дәрежеде қызығушылығы болған кезде ұсынылып отырған индустриялық-инновациялық дамудың шеңберінде жеңіл өнеркәсіпті қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралардан елеулі тиімділік болуы мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мемлекет қабылдайтын шаралар, олардың тиімділігі, жеңіл өнеркәсіп өкілдерінің қажеттіліктеріне бара барлығы бойынша кәсіпкерлердің пікірін есепке алу үшін, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын проблемалар бойынша уақтылы түзету іс-қимылдарын қабылдау үшін бизнес өкілдерімен кері байланысты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

Бизнес өкілдерімен кері байланысты қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

Министрліктің сайтына түскен барлық мүдделі тараптардың өтініштері бойынша ақпараттық қолдау;

тұрақты негізде салалық жұмыс топтарының саланы дамытудың проблемалары мен перспективаларын зерделеуге және олар бойынша шешімдер әзірлеуге байланысты конференциялары, кездесулері мен отырыстары өткізіледі;

Министрлік қызметкерлері Бағдарламаның әлеуетті және әрекеттегі қатысушыларымен тікелей, телефон және электрондық пошта арқылы байланыстарға қолдау көрсетеді;

бизнес және билік өкілдерінің қатысуымен тұрақты негізде саланың дамытудың проблемалары мен перспективаларына арналған телевизиялық бағдарламалар жүргізіледі;

бизнес өкілдері Министрліктің әдеттегі поштасына проблемаларды, ұсыныстарды және саланы дамыту перспективаларын пайымдауларды, сондай-ақ, жаңа өндірістерді ұйымдастырудың, жаңа технологияларды енгізудің ұсынылып отырған жобалары бойынша ақпаратты қамтитын хаттарын жібере алады.

## 6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыруға Даму институттарының қаражаты, сондай-ақ жеке ішкі және шетелдік инвестициялар бағытталады.

Бұдан басқа, республикалық және жергілікті бюджеттердің көзделген қаражаты шеңберінде кәсіпкерлікті дамыту, білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өткізуге жәрдемдесу бөлігінде саланы қаржыландыруды жүзеге асыру, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес техникалық реттеу мәселелері болжанып отыр.

## 7. Қазақстан Республикасында Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 7-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.02.2015 № 100 қаулыларымен.

| Р/с № | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындалу мерзімі | Болжанатын шығыстар (млн. теңге) | | | | | | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. | Барлығы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып өндірістерді жаңғырту | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | 013 "Бизнестің жол картасы - 2020" |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға арналған облыстарға, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |
| 1 | "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасының шеңберінде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдау | ИЖТМ-ге ақпарат | ӨДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 ж.ж. | | | | | | | |
| 2 | "Өнімділік 2020" бағыты шеңберінде инновациялық технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру | ИЖТМ-ге ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҚИДИ (келісім бойынша), ҚДБ (келісім бойынша) | 2010 - 2014 ж.ж. | | | | | | | 011 "Өнімділік 2020" бағыты шеңберінде жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту мен сауықтыруды қолдау" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |
| 2. Экономикалық саясаттың жүйелі шараларын іске асыру | | | | | | | | | | | |
| 3 | Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарына консультациялық қызметтер көрсету | Ақпаратты ИЖТМ сайтына орналастыру | ИЖТМ | 2010 - 2014 ж.ж. | | | | | | | Болжанбайды |
| | Қазақстан Республикасының аумағында | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | шығарылмайтын жеңіл өнеркәсіпке арналған жинақтаушылар мен қосалқы бөлшектердің жоғары технологиялы жабдықтарының бажсыз импорты бойынша ұсыныстар дайындау | ИЖТМ-ге ақпарат | ЭБЖМ (жинақтау), ИЖТМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша), БШҮӨҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. IV тоқсан | | | | | | | Болжанбайды |
| 5 | Қазақстанда өндірілмейтін жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге арналған ресурстардың (фурнитуралар, химиялық өнімдер) бажсыз импорты бойынша ұсыныстар дайындау | ИЖТМ-ге ақпарат | ЭБЖМ (жинақтау), ИЖТМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша), БШҮӨҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. IV тоқсан | | | | | | | Болжанбайды |
| 6 | Жеңіл өнеркәсіп өнімін шетелде тіркеу | ИЖТМ-ге ақпарат | KAZNEX (келісім бойынша), ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2013 ж.ж. | | | | | | | 022 Экспорттаушы 2020" бағыты шеңберінде қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықк жылжытуға жәрдемдесу бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сома шеңберінде |
| 7 | Жеңіл өнеркәсіп өнімін шетелде сертификаттау | ИЖТМ-ге ақпарат | KAZNEX (келісім бойынша), ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2010 - 2013 ж.ж. | | | | | | | "Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықк жылжытуға жәрдемдесу бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | бюджетте бекітілген сома шеңберінде |
| 8 | Отандық жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықаралық мамандандырылған көрмелерге қатысуы (алаңды жалға алу, тіркеу жарнасы) | ИЖТМ-ге ақпарат | KAZNEX ( келісім бойынша ), ЖӨКҚ ( келісім бойынша ), БШҮӨҚ ( келісім бойынша ) | 2010 - 2014 ж.ж. | | | | | | | 0 2 2 Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықк жылжытуға жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |
| 9 | Жеңіл өнеркәсіп тауарларын шетелде жылжыту (брендинг, тауардың жарнамасы) | ИЖТМ-ге ақпарат | KAZNEX ( келісім бойынша ), ЖӨКҚ ( келісім бойынша ), БШҮӨҚ ( келісім бойынша ) | 2010 - 2014 ж.ж. | | | | | | | 0 2 2 Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықк жылжытуға жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |
| 10 | Техникалық регламент талаптарына жауап беретін және/немесе халықаралық стандарттарға сәйкес келетін стандарттарды әзірлеу және қабылдау | ИЖТМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің бұйрығы | ИЖТМ, ЖӨКҚ ( келісім бойынша ), БШҮӨҚ ( келісім бойынша ) | 2011 - 2014 ж.ж. | | | | | | | 0 1 3 Техникалық реттеу және метрология саласындағы қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалык бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Мүдделі тараптардың Кеден одағы елдерінің ішкі сертификаттарды тануы туралы келіссөздерін жүргізу | ИЖТМ-ге ақпарат | ЭБЖМ, ИЖТМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2012 ж. | - | - | - | - | - | - | Болжанбайды |
| 12 | Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары, ұлттық компаниялар және жүйе құрушы кәсіпорындар арасында орта мерзімді сатып алу тетігін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау | ИЖТМ-ге ақпарат | Самұрық-Қазына (келісім бойынша), ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. IV тоқсан | | | | | | | Болжанбайды |
| 13 | Отандық тауар өндірушілер тізілімдерін ықпалдастыру жөніндегі мәселені пысықтау ("Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі, "Қазақстандық қамту" Интернетпорталы ақпараттық жүйесі, "Самұрық-Қазына" ҰАҚ" АҚ тобының отандық тауар өндірушілер тізілімі) | ИЖТМ-ге ұсыныстар | ИЖТМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына (келісім бойынша), NadLoC (келісім бойынша) | 2014 ж. I тоқсан | - | - | - | - | - | - | Болжанбайды |
| 14 | Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілері және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін әскери және арнайы киім нысанын, айырым белгілерін және жеке қорғаныс құралдарын сатып | ИЖТМ-ге ақпарат | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, РҰ (келісім бойынша), ҰҚК, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. II тоқсан | - | - | - | - | - | | Болжанбайды |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | алуға шарттар жасасу | | | | | | | | | - | |
| 15 | Биязы жүн экспортына шектеу қою жөніндегі мәселені қарау | ИЖТМ-ге ұсыныстар | АШМ, ЭБЖМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. II тоқсан | - | - | - | - | - | - | Болжанбайды |
| 16 | Отандық қайта өндірушілердің қажеттіліктерін негізге ала отырып, мақта талшығының экспортын мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру мәселесін пысықтау | ИЖТМ-ге ұсыныстар | АШМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ОҚО әкімдігі, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. II тоқсан | - | - | - | - | - | - | Болжанбайды |
| 17 | Шикізатты – отандық өндірістегі былғарыны, жуылған жүнді, мақта талшығын сатып алуда жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының шығындарын субсидиялау мәселесін пысықтау | ИЖТМ-ге ұсыныстар | ЭБЖМ, АШМ, Қаржымині, ӨДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2014 ж. I тоқсан | - | - | - | - | - | - | Болжанбайды |
| 3. Саланы білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету | | | | | | | | | | | |
| 18 | Облыстық жергілікті атқарушы органдардың техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруы | ИЖТМ-ге ақпарат | ШҚО, ОҚО, Жамбыл, Алматы облыстарының әкімдіктері | 2010 - 2014 ж.ж. | 425,8 | 499,4 | 540,3 | 586,0 | 624,8 | 2 676,4 | 024 Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарына мамандарды даярлау" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде ЖБ |
| 19 | Жеңіл өнеркәсіптің басым мамандықтары бойынша кәсіби стандарттардың әзірленуін ұйымдастыру | ИЖТМ бұйрығы | ИЖТМ, Еңбекмині, БҒМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2012 - 2013 ж.ж.<br>2013 - 2014 ж.ж. | | | 5,25 | 6,3<br>6,0 | 2,6 | | Дүниежүзілік Банк бөлетін қаржыландыру шеңберінде 14 "Кәсіби стандарттарды әзірлеуді қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | республикалық бюджетте бекітілген сомалар шеңберінде |
| 20 | Жеңіл өнеркәсіп мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім түлектерінің біліктілігін сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін енгізуге жәрдемдесу | ИЖТМ-ге ақпарат | БҒМ, облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2011 - 2014 ж.ж. | | | | | | | | Болжанбайды |
| 21 | Жеңіл өнеркәсіп саласындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау жөніндегі салалық кеңесті құру. | БҒМ-ге ақпарат | ИЖТМ, БҒМ, Облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2012 ж. | - | - | - | - | - | - | | Болжанбайды |
| 22 | Жеңіл өнеркәсіп саласындағы кәсіптік және техникалық білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды жетілдіру | ИЖТМ-ге ақпарат | БҒМ, ЖӨКҚ ( келісім бойынша ) | 2011 - 2012 ж.ж. | - | - | - | - | - | - | | 025 "Білім беру жүйелерін методологиялы қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау бюджеттік бағдарламасы бойынша тиіст жылдарға арналған республикалық бюджетте бекітілген сома шеңберінде |
| 4. Салалық бағдарламаны іске асырудың жобалық шаралары | | | | | | | | | | | | |
| 23 | "Тері өндірісін реконструкциялау және жаңғырту" инвестициялық жобасын іске асыру | ИЖТМ-ге ақпарат | ШҚО әкімдігі, "Семей былғары-үлбір комбинаты" ЖШС (келісім бойынша) | 2011 ж. | | | | | | | 3 757 | Қарыз қаражат – қарыз алушы ҚДБ |
| 24 | "Қазіргі заманғы тоқыма өндірісін ұйымдастыру" инвестициялық жобасын іске асыру | ИЖТМ-ге ақпарат | ОҚО әкімдігі, "Ютекс-KZ" АҚ ( келісім бойынша ) | 2014 ж. | | | | | | | 11 172,4 | Қарыз қаражат – қарыз алушы ҚДБ |
| | "Гигроскопиялық мақта және | | ОҚО әкімдігі, "Мақта өнеркәсібі | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | целлюлоза шығару" инвестициялық жобасын іске асыру | ИЖТМ-ге ақпарат | Целлюлоза" ЖШС (келісім бойынша) | 2010 ж. | | | | | | 2 190,0 | Қарыз қаражат – қарыз алушь ҚДБ-Лизинг |
| 26 | Тарақтық және кардтық мақта-мата жіптерін шығаратын қазіргі заманғы өндірісті ұйымдастыру" инвестициялық жобасын іске асыру | ИЖТМ-ге ақпарат | ОҚО әкімдігі, " Oxy Textile" ЖШС (келісім бойынша) | 2010 ж. | | | | | | 3 731,1 | Қарыз қаражат – қарыз алушь ҚДБ-Лизинг |

## Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | | |
|---|---|---|
| ИЖТМ | – | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| ЭБЖМ | – | Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| ӨДМ | – | Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі |
| Қаржымині | – | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |
| АШМ | – | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| Еңбекмині | – | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| БҒМ | – | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| Қорғанысмині | – | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі |
| ІІМ | – | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |
| ТЖМ | – | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі |
| РҰ | – | Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы |
| ҰҚК | – | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті |
| ШҚО | – | Шығыс Қазақстан облысы |
| ОҚО | – | Оңтүстік Қазақстан облысы |
| Самұрық-Қазына | – | "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы |
| ҚДБ | – | "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы |
| ҚДБ-Лизинг | – | "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамы |
| ҚИДИ | – | "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамы |
| "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ | – | "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы |
| KAZNEX | – | "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы |
| NadLoC | – | "NadLoC" жергілікті қамтуды дамытудың ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы |
| ҚЖӨКҚ | – | Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығы |
| ҚБШҮӨҚ | – | Қазақстанның былғары шикізаты мен үлбірді өңдеушілер қауымдастығы |
| АҚ | – | акционерлік қоғам |
| ЖШС | – | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |

Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті
дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға
арналған бағдарламаға
1-қосымша

# Ресурстар және жеңіл өнеркәсіп өнімінің жекеленген түрлерін пайдалану

| Өнім атауы | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | 2009 ж. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Мақта-мата кездемелері, мың ш.м | | | | |
| Ресурстар | 72 649,20 | 54 149,40 | 53 854,60 | 53 519,10 |
| Өндіріс | 47 639,00 | 42 423,30 | 42 013,90 | 34 502,70 |
| Импорт | 25 010,20 | 11 726,10 | 11 840,70 | 19 016,40 |
| Пайдалану | 726 498,2 | 54 149,4 | 53 854,6 | 54 351,8 |
| Экспорт | 38 374,20 | 33 700,70 | 43 410,50 | 33 326,20 |
| Ішкі нарықта өткізу | 34 275,00 | 20 448,70 | 10 444,10 | 20 192,90 |
| Кардо таралған немесе тарақпен таралған жүннен жасалған немесе малдың қатты қылынан не жылқы қылынан жасалған маталар, мың ш.м | | | | |
| Ресурстар | 619,1 | 638,4 | 756,9 | 841,9 |
| Өндіріс | 110,1 | 74,5 | 75,7 | 155,5 |
| Импорт | 509 | 563,9 | 681,2 | 686,4 |
| Пайдалану | 619,1 | 638,4 | 756,9 | 841,9 |
| Экспорт | 0 | 0 | | 0,4 |
| Ішкі нарықта өткізу | 619,1 | 638,4 | 756,9 | 841,5 |
| Кілемдер және кілем бұйымдары, мың ш м | | | | |
| Ресурстар | 3 034,80 | 2 862,20 | 3 091,20 | 3 520,10 |
| Өндіріс | 101,5 | 36,1 | 2 | 2,9 |
| Импорт | 2 933,30 | 2 826,10 | 3 089,20 | 3 517,20 |
| Пайдалану | 3 034,8 | 2 862,2 | 3 091,2 | 3 519,2 |
| Экспорт | 20,3 | 34,2 | 31,1 | 19,9 |
| Ішкі нарықта өткізу | 3 014,50 | 2 828,00 | 3 060,10 | 3 500,20 |
| Спорттық және қорғайтыннан басқа аяқ киім, мың жұп | | | | |
| Ресурстар | 10 980,00 | 4 100,80 | 5 071,40 | 3 245,80 |
| Өндіріс | 780,7 | 1 107,50 | 1 213,10 | 1 218,00 |
| Импорт | 10 199,30 | 2 993,30 | 3 858,30 | 2 027,80 |
| Пайдалану | 10 980,0 | 4 100,8 | 5 071,4 | 3 245,8 |
| Экспорт | 1 200,30 | 342,8 | 292,1 | 372,6 |
| Ішкі тұтыну | 9 779,60 | 3 758,00 | 4 779,30 | 2 873,20 |
| Колготкалар, тар шалбарлар, шұлық-ұйықтар және трикотаждан, машинамен және қолдан тоқылған шұлық-ұйық бұйымдары, мың теңге | | | | |
| Ресурстар | 502 471,30 | 591 792,50 | 739 410,70 | 897 483,00 |
| Өндіріс | 212 865,00 | 214 232,00 | 223 320,00 | 159 547,00 |
| Импорт | 289 606,30 | 377 560,50 | 516 090,70 | 737 936,00 |
| Пайдалану | 502 471,3 | 591 792,5 | 739 410,7 | 896 755,0 |
| Экспорт | 2 382,00 | 2 193,30 | 7 934,40 | 81 249,90 |
| Ішкі нарықта өткізу | 500 089,30 | 589 599,20 | 731 476,30 | 816 233,10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Свитерлер, жемпірлер, пуловерлер, кардигандар, жилеттер және машинамен немесе қолмен тоқылған ұқсас трикотаж бұйымдары мың дана | | | | |
| Ресурстар | 542,9 | 1 042,30 | 1 011,70 | 940,3 |
| Өндіріс | 146,3 | 206,7 | 222,7 | 102,5 |
| Импорт | 396,6 | 835,6 | 789 | 837,8 |
| Пайдалану | 516 030 | 517 635 | 789 841 | 601 238 |
| Экспорт | 56,7 | 53 | 99 | 76,2 |
| Ішкі тұтыну | 486,2 | 989,3 | 912,7 | 864,1 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж сырт киімдер, мың дана | | | | |
| Ресурстар | 516 | 517,6 | 798,9 | 592,5 |
| Өндіріс | 27,2 | 17,3 | 17,8 | 23,8 |
| Импорт | 488,8 | 500,3 | 781,1 | 568,7 |
| Пайдалану | 690,7 | 1839,5 | 4268,3 | 1850,1 |
| Экспорт | 79,2 | 15,4 | 11,1 | 35,3 |
| Ішкі нарықта өткізу | 436,9 | 502,1 | 787,8 | 557,2 |
| Машинамен немесе қолмен тоқылған іш киім, мың дана | | | | |
| Ресурстар | 2 609,40 | 3 630,80 | 5 393,40 | 4 867,80 |
| Өндіріс | 391 | 574 | 831 | 1 132,50 |
| Импорт | 2 218,40 | 3 056,80 | 4 562,40 | 3 735,30 |
| Пайдалану | 690,7 | 1839,5 | 4268,3 | 1850,1 |
| Экспорт | 538 | 5,1 | 63,6 | 750 |
| Ішкі тұтыну | 2 071,40 | 3 625,70 | 5 329,80 | 4 117,80 |
| Емшектегі балаларға, серуендеуге және т.б. арналған киімдер, аксессуарлар мен киімнің детальдары, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаждар мың теңге | | | | |
| Ресурстар | 478 719,50 | 353 474,30 | 31 967,80 | 647 734,10 |
| Өндіріс | 32 744,00 | 18 441,00 | 31 561,00 | 48 228,00 |
| Импорт | 445 975,50 | 335 033,30 | 406,8 | 599 506,10 |
| Пайдалану | 488 172,5 | 362 563,3 | 443 946,0 | 646 844,1 |
| Экспорт | 2 714,80 | 248,9 | 2,7 | 24 123,80 |
| Тұтыну шамасы | 476 004,60 | 353 225,40 | 31 965,10 | 623 610,30 |
| Спортқа, шаңғы тебуге және суға түсуге арналған костюмдер; өзге де киімдер, трикотаж, мың дана | | | | |
| Ресурстар | 994,1 | 545,6 | 507,9 | 536 |
| Өндіріс | 575 | 454 | 310,9 | 394 |
| Импорт | 419,1 | 91,6 | 197 | 142 |
| Пайдалану | 499,5 | 170,3 | 198,4 | 235,2 |
| Экспорт | 3,4 | 0 | 21 | 6 |
| Ішкі нарықта өткізу | 990,7 | 545,6 | 486,9 | 530 |

Қазақстан Республикасында жеңіл
өнеркәсіпті
дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға
арналған бағдарламаға
2-қосымша

## Нысаналы индикаторлар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.11.2013 № 1285 қаулысымен.

| Нысаналы индикатор | Өлшем бірлігі | 2008 ж. ( нақты ) | 2009 ж. ( нақты ) | 2010 ж. ( нақты ) | 2011 ж. ( нақты ) | 2012 ж. ( нақты ) | 2013 ж. ( болжам ) | 2014 ж. ( болжам ) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 2014 жылы жеңіл өнеркәсіптегі жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге шаққанда нақты мәнде кемінде 9 %-ға ұлғайту | 2008 ж. % | 100,0 | 92,5 | 95,8 | 95,2 | 105,1 | 106,0 | 109,0 |
| Дайын өнімдер экспортын 2008 жылғы деңгейге шаққанда 2,5 есеге ұлғайту | 2008 ж. % | 100,0 | 80,8 | 71,8 | 223,5 | 232,5 | 241,7 | 250 |
| Жеңіл өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге шаққанда нақты мәнде 1,5 есеге ұлғайту | 2008 ж. % | 100,0 | 159,8 | 130,7 | 118,4 | 150,4 | 150,4 | 150,5 |

Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті
дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға
арналған бағдарламаға
3-қосымша

## 2010-2014 жылдар кезеңінде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін кадр қажеттілігі

адам

| Жобаның атауы | Өңір | Жобаға өтініш беруші | Жауапты мемлекеттік орган | Кәсіп атауы | Біліктілік деңгейі ( разряд) | Кезеңдер бөліндісінд | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жиыны | Іске асыру к | | |
| | | | | | | | 2010 | 2011 | 2 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 1 |
| | | | | | | 1942 | 1942 | - | - |
| Тері өндірісін қайта жаңарту және жаңғырту | Шығыс Қазақстан облысы | "Семей былғары-бағалы тері комбинаты" ЖШС | ЖАО | | | 404 | 404 | - | - |
| | | | | Инженер - технолог | ж/б | 20 | 20 | - | - |
| | | | | Модельер-дизайнер | ж/б | 2 | 2 | - | - |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Әрлеу өндірісі маманы | Т және КБ | 178 | 178 | - | - |
| | | | | Мастер-технолог | Т және КБ | 200 | 200 | - | - |
| | | | | Медқызметкер | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | күзетші | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| Қазіргі заманғы тоқымалық өндірісті ұйымдастыру | Оңтүстік Қазақстан облысы | "Ютекс-KZ"АҚ | ЖАО | | | 1041 | 1041 | - | - |
| | | | | Инженер-технолог | ж/б | 44 | 44 | - | - |
| | | | | Тоқыма өндірісінің шебері -технолог | Т және КБ | 883 | 883 | - | - |
| | | | | Модельер-дизайнер | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Көмекші қызметкерлер | Т және КБ | 108 | 108 | - | - |
| | | | | Медқызме ткер | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Еңбекті қорғау жөніндегі маман | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| Ылғал жұтқыш мақтаны және целлюлозды шығару | Оңтүстік Қазақстан облысы | " Хлопкопром-Целлюлоз " ЖШС | ЖАО | | | 237 | 237 | - | - |
| | | | | Инженер-технолог | ж/б | 34 | 34 | - | - |
| | | | | Химик | ж/б | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Мастер-технолог | Т және КБ | 60 | 60 | - | - |
| | | | | Медқызме ткер | Т және КБ | 1 | 1 | - | - |
| | | | | Күзетші | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Көмекші қызметкерлер | Т және КБ | 138 | 138 | - | - |
| Кардо таралған немесе тарақпен таралған жүннен жасалған немесе | | "Oxy Textile" ЖШС | ЖАО | | | 260 | 260 | - | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| малдың қатты қылынан не жылқы қылынан жасалған маталар | Оңтүстік-Қазақстан облысы | | | | | | | | |
| | | | | Инженер-технолог | ж/б | 25 | 25 | - | - |
| | | | | Инженер-бояушы | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Өндіріс цехының шебері | Т және КБ | 90 | 90 | - | - |
| | | | | Химик | ж/б | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Медқызметкер | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Күзетші | Т және КБ | 2 | 2 | - | - |
| | | | | Көмекші қызметкерлер | Т және КБ | 137 | 137 | - | - |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар

ж/б - жоғары білім

Т және КБ - техникалық және кәсіби білім

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК